

**Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Эстрадалық вокал»
кафедрасының докторанты Мухсинова Мерует Жақсыбекқызының
8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту
техникаларының модификациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

№	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқасының біреуінің асты сызылады)	Ресми рецензент ұстанымының негіздемесі (ескертулер курсивпен беріледі)
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніне сәйкес) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	М.Ж. Мухсинованың диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылым дамуының басым бағытына, нақты айтқанда гуманитарлық ғылымдарды зерттеу, қоғамдық сананы жаңғырту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және отандық өнерді дамыту мәселелеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу жаһандану жағдайындағы музыкалық индустрияда ұлттық бірегейлікті сақтауға және ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u> /қоспайды, оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертация қазіргі музыкатану мен эстрада өнері теориясына елеулі үлес қосады, себебі ол қазақтың дәстүрлі вокалдық техникаларын заманауи поп- орындаушылыққа бейімдеудің теориялық аппаратын кеңейтеді. Жұмыстың маңызы аутентті вокалдық техникалардың қазіргі поп-вокалда бейімделу үдерістерін жүйелі талдаумен және Орталық Азия эстрадалық өнерін зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруымен айқындалады.
3	Дербестік принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа;	Диссертациялық жұмыс жоғары дербестік деңгейімен сипатталады. Автор қазіргі

		<p>3) төмен; 4) дербестік жоқ.</p>	<p>қазақстандық орындаушылардың аудио және бейнежазбаларын қоса алғанда, көлемді эмпирикалық материалды өзі жинақтап, жіктеп, талдаған. Жұмыста автордың вокал технологиясын терең түсінуге сүйенген өзіндік зерттеушілік ұстанымы айқын көрінеді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p> <p>4.3 Мақсат пен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p>	<p>Өзектілік дәстүрлі ауызша мұра мен жазба академиялық әдіснама арасындағы алшақтықты, сондай-ақ коммерциялану жағдайындағы поп-музыка контексінде оны еңсеру қажеттігінен туындайды. Диссертация құрылымы қатаң логикаға құрылған және тақырыпты теориялық негіздерден бастап қазіргі эстрададағы жанрлық-стильдік модификацияға дейін бірізді ашады. Қойылған мақсат өзара байланысқан алты міндет арқылы іске асады. Жұмыста берік композициялық архитектоника сақталған: бірінші бөлімнің теориялық тұжырымдары екінші бөлімдегі технологиялық талдауға, ал үшінші бөлімдегі жанрлық-стильдік пайымдауларға негіз болады. Автор ұсынған вокалдық модификациялар жіктемесі жеке орындаушылар мен этно-поп топтардың шығармашылығын салыстырмалы талдау арқылы дәлелденген.</p>
5	Ғылыми жаңалық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Ғылыми нәтижелер Орталық Азиядағы эстрада өнері теориясы мен тарихы үшін толықтай жаңа болып табылады. Автор алғаш рет қазіргі поп-мәдениет</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>контекстінде дәстүрлі ән айтудың модификацияларын жүйелі жіктейді. Диссертация қорытындылары интеграцияланған дәстүрлі вокалдық техникалардың эстрадада жай механикалық көшіру емес, көшпелі музыкалық ойлауды жаңғыртудың эволюциялық үдерісі екенін дәлелдейді. Сондай-ақ артикуляциялық және тыныс алу аппаратын қайта бейімдеу тетіктеріне қатысты технологиялық шешімдер де ғылыми жаңалық сипатқа ие.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолилатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертанттың барлық қорытындылары дәлелді. Автор музыкатанулық және акустикалық талдауға, аудиоматериалдарға және репрезентативті дереккөздерге сүйенеді. Күрделі вокалдық жүйелерді зерттеу әдіснамасы этномузыкатану, эстрада теориясы мен мәдени антропологияның заманауи пәнаралық тәсілдеріне негізделген, бұл тұжырымдардың сенімділігін қамтамасыз етеді.</p>
7	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми қағидалар тұтастай алғанда толық дәлелденген, ғылыми негізделген және ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді. Диссертацияда академиялық, эстрадалық және дәстүрлі вокал параметрлері нақты ажыратылып, дәстүрлі әншілік мектептердің ішкі әлеуеті қазіргі эстрадалық трансформациялардың іргетасы ретінде ашылған. Автор көмей, байламта астымен ән айту және дәстүрлі әшекейлердің эстрадалық стилистика ықпалымен қалай өзгеретінін жан-жақты талдайды. Бұл қағидалар тривиалды емес, өйткені олар дәстүрлі және</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>эстрадалық вокал тоғысындағы авторлық көзқарасты ұсынады. Жаңалығы қазақтың бай интонациялық қорының икемді, динамикалық жүйе ретінде қарастырылуынан, сондай-ақ соңғы жылдардағы эмпирикалық материалды жүйелеуінен көрінеді. Қолданылу аясы кең: ұсынылған теориялық негіздер музыкатану, музыкалық білім, эстрадалық вокал кафедраларының оқу үдерісі, продюсерлік және концерттік практикада қолданылуы мүмкін. Негізгі қағидалар докторанттың жарияланған мақалаларында толық дәлелденіп, негізделген.</p>
8	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен</p>	<p>Әдіснамалық аппарат егжей-тегжейлі сипатталған, логикалық және зерттеу нысанына адекватты. Автор аудиовизуалды және салыстырмалы-типологиялық талдауды сәтті қолданады, қазіргі цифрлық және медиа-ресурстарды тартады. Диссертацияның негізгі қорытындылары нақты музыкалық тректер мен қазіргі орындаушылардың вокал партияларын егжей-тегжейлі талдаумен расталады. Барлық негізгі тезистер эстрадалық вокал саласындағы жетекші музыкатанушылар, этнографтар және мамандардың еңбектеріне нақты сілтемелермен бекітілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 130-дан астам атауды қамтып, отандық және шетелдік, соның ішінде Scopus/Web of Science базаларындағы өзекті зерттеулерді қамтиды.</p>

		<p>расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Теориялық маңызы дәстүрлі ән айтудың эстрадалық трансформацияларын жүйелеуде және Орталық Азия музыкатануының ұғымдық аппаратын байытуда көрінеді. Практикалық құндылығы өте жоғары: нәтижелерді Қырғызстан мен Қазақстанның шығармашылық ЖОО-ларында, «Эстрада өнері», «Эстрадалық вокал» бағыттары бойынша оқу үдерісіне, сондай-ақ қазіргі вокал техникасы бойынша оқу құралдарын әзірлеуге енгізуге болады. Дәстүрлі техникаларды заманауи эстрадалық педагогикаға интеграциялауға арналған әдістемелік ұсынымдар алғаш рет тұжырымдалып, толық ғылыми жаңалыққа ие.</p>
10	Жазылу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертация мәтіні сауатты академиялық тілмен жазылған, терминологиялық тұрғыдан дәл және ҚР ҒЖЖБМ жоғары білім мен ғылым сапасын қамтамасыз ету талаптарына толық сәйкес рәсімделген.</p>
11	Диссертацияға ескертулер	<p><i>М.Ж. Мухсиынованың зерттеуінің жалпы жоғары ғылыми және практикалық құндылығын төмендетпейтін, келесі ескертулер мен тілектерді білдіреміз:</i></p> <p><i>1. Терминологиялық аппараттың даулы тұстары бар: жұмыста және атауда «модификация» терминін қолдану толық жеткілікті негізделмегендей көрінеді. Тірі дәстүрді ұстанушы және зерттеуші тұрғысынан қазіргі поп-музыкадағы үдерістер көбіне жанрлық-стильдік трансформация, бейімдеу немесе этно-стильдік синтез сипатында көрінеді. Авторға дәл осы терминді таңдаудың себептерін нақтырақ негіздеу ұсынылады.</i></p> <p><i>2. Аймақтық әншілік мектептерді талдауда автор дәстүрлі камералық ауызша ортадан бұқаралық коммерциялық эстрада заңдылықтарына ауысу кезіндегі элеуметтік-психологиялық тетіктерге көбірек назар аударса орынды болар еді. Дәстүрлі техника - жай ғана физиологиялық тәсілдердің жиынтығы емес, ол поп-сахнаға ауысу барысында сөзсіз терең менталдық өзгерістерге ұшырайтын синкреттік дүниетаным болып табылады.</i></p>	

		<i>3. Жаңа вокалдык шешимдердин бейимделу жолдарын талдау кезинде автордын дэстурли шеберликтин ауызша берилу ерекшелигине, сонын ишинде «устаз-шакирт» жуийесинин ишкн заңдылыктарына кеңирек тоқталуы орынды болар еди. Жумыстын кейбир бөликтеринде сипаттамалык музыкатанулык баяндау басым түседи. Ал дэстурли эншинин қазирги эстрадалык-поп интонациялау улгисине көшу сәтиндеги вокалдык аппараттын қайта бейимделу үдериси, әсиресе дыбысты акустикалык және электрондык күшейту жағдайында, практик орындаушы көзқарасы тұрғысынан тереңирек саралауды қажет етеди.</i>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант жарияланымдарының ғылыми деңгейі қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі қағидалары ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған рецензияланатын ғылыми журналдарда және Scopus базасына енетін халықаралық басылымдарда көрініс тапқан. Бұл зерттеу нәтижелерінің кең апробациядан өткенін дәлелдейді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған әрі ғылыми тұрғыдан терең зерттеу болып табылады. Аталған еңбек 8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді, сондықтан ізденуші тиісті ғылыми дәрежені иеленуге әбден лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Аманова Роза Асановна – Қырғыз Республикасы Президентіне қарасты Ұлттық ғылым академиясының Дәстүрлі мәдениет және өнер ғылыми-зерттеу орталығының директоры, өнертану докторы, профессор, Қырғыз Республикасының халық әртісі, Токтоғұл атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Қолы: _____